

**Құқық қорғау органдары үшін кадрлар даярлауды, құқық қорғау органдарының қызметін және үкіметтік байланыс әскерлері әскери қызметшілерін әлеуметтік қорғауды қаржыландыруға байланысты жекелеген мәселелер**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 21 қыркүйек N 1427

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды жоғары мектебі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды заң институты болып қайта аталсын.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен қайта аталған мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына кейіннен оны әділет органдарында қайта тіркеу арқылы тиісті өзгерістер енгізуді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі екі ай мерзімде заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының үкіметтік байланыс әскерлерінің босатылатын әскери қызметшілеріне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекет кепілдік берген әлеуметтік төлемдер мен өтемақыларды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1334 Р981334\_ қаулысында:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

IV "Шығыстар" бөлімінде:

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобындағы 1 "Құқық қорғау қызметі" ішкі функциясындағы "14618945" деген сан "14636234" деген санмен ауыстырылсын;

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобындағы 1 "Құқық қорғау қызметі" ішкі функциясындағы 201 "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі" мекемесі бойынша "14618945" деген сан "14636234" деген санмен ауыстырылсын;

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобындағы 1 "Құқық қорғау қызметі" ішкі функциясындағы 201 "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі" мекемесінің 1 "Республикалық деңгейдегі әкімшілік шығыстар" бағдарламасы бойынша "5406638" деген сан "5423927" деген санмен ауыстырылсын;

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобының 1 "Құқық қорғау

қызметі" ішкі функциясындағы 201 "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі" мекемесінің 1 "Республикалық деңгейдегі әкімшілік шығыстар" бағдарламасындағы 2 "Аумақтық органдардың аппараты" кіші бағдарламасы бойынша "4568694" деген сан "4585983" деген санмен ауыстырылсын;

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобындағы 5 "Жеке тұлғаның , қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметі" ішкі функциясындағы "5589823" деген сан "5572534" деген санмен ауыстырылсын;

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобындағы 5 "Жеке тұлғаның , қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметі" ішкі функциясындағы 410 "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті" мекемесі бойынша "51 14251" деген сан "5096962" деген санмен ауыстырылсын;

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобындағы 5 "Жеке тұлғаның , қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметі" ішкі функциясындағы 410 "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті" мекемесінің 1 "Республикалық деңгейдегі әкімшілік шығыстар" бағдарламасы бойынша "3168882" деген сан "3151593" деген санмен ауыстырылсын;

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобындағы 5 "Жеке тұлғаның , қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметі" ішкі функциясындағы 410 "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті" мекемесінің 1 "Республика көлеміндегі әкімшілік шығыстар" бағдарламасының 2 " Аумақтық органдар аппараты" кіші бағдарламасы бойынша "1385232" деген сан " 1367943" деген санмен ауыстырылсын;

4 "Білім беру" функционалдық тобындағы 6 "Жоғары "білім беру" ішкі функциясындағы 201 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі" мекемесі бойынша "340315" деген сан "368167" деген санмен ауыстырылсын;

4 "Білім беру" функционалдық тобындағы 6 "Жоғары білім беру" ішкі функциясындағы 201 "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі" мекемесінің 9 " Республикалық деңгейде жоғары оқу орындарында кадрларды даярлау" бағдарламасы бойынша" "340315" деген сан "368167" деген санмен ауыстырылсын;

4 "Білім беру" функционалдық тобындағы 6 "Жоғары білім беру" ішкі функциясындағы 201 "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі" мекемесінің 9 "Республикалық деңгейде жоғары оқу орындарында кадрларды даярлау" бағдарламасы мынадай мазмұндағы 35 кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"35 Қарағанды заң институты 27852";

4 "Білім беру" функционалдық тобындағы 6 "Жоғары білім беру" ішкі функциясындағы 410 "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті" мекемесі бойынша "270953" деген сан "243101" деген санмен ауыстырылсын;

4 "Білім беру" функционалдық тобындағы 6 "Жоғары білім беру" ішкі функциясындағы 410 "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті"

мекемесінің 9 "Республикалық деңгейде жоғары оқу орындарында кадрларды даярлау" бағдарламасы бойынша "258153" деген сан "230301" деген санмен ауыстырылсын;

4 "Білім беру" функционалдық тобындағы 6 "Жоғары білім беру" ішкі функциясындағы 410 "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті" мекемесінің 9 "Республикалық деңгейде жоғары оқу орындарында кадрларды даярлау" бағдарламасының 31 "Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қарағанды жоғары мектебі" кіші бағдарламасы бойынша "115568" деген сан "87716" деген санмен ауыстырылсын;

2) "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын әкімші-мекемелерінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1335 Р 9 8 1 3 3 5 \_ қ а у л ы с ы н д а :

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, орталық атқарушы органдар әкімшілік ететін бағдарламалары мен кіші бағдарламалардың тізбесінде:

201 "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі" мекемесіндегі 9 "Республикалық деңгейде жоғары оқу орындарында кадрларды даярлау" бағдарламасы мынадай мазмұндағы 35-кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"35 Қарағанды заң институты";

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бағдарламаларды орындайтын, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ заңға сәйкес мемлекеттік мекемелер етіп қайта тіркеуге жататын мекемелердің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі" деген "4-жол мынадай мазмұндағы 14-жолмен толықтырылсын:

"14 Қарағанды заң институты".

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК